



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2021 жылғы 6 тамыздағы

№ 67

Алға қаласы

город Алга

**Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 459
«2021-2023 жылдарға арналған Алға аудандық бюджетін бекіту туралы»
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

ШЕШТІ:

1. Алға аудандық мәслихатының «2021-2023 жылдарға арналған Алға аудандық бюджетін бекіту туралы» 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 459 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7853 болып тіркелген) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2021-2023 жылдарға арналған Алға аудандық бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мына көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 8 369 879,3 мың теңге;

салықтық түсімдер – 1 307 900 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 30 934 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 28 263 мың теңге;

трансферттер түсімі – 7 002 782,3 мың теңге;

2) шығындар – 8 723 176,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 178 914 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 212 907 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 33 993 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -532 211,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 532 211,4 мың теңге:

қарыздар түсімі – 212 907 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 33 993 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 353 297,6 мың теңге.»;

8 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен келесідей ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге 200 075 мың теңге;

үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға 10 883 мың теңге;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға 29 228 мың теңге;

мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға 208 мың теңге;

еңбек нарығын дамытуға 160 549 мың теңге;

мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге 6 015 мың теңге;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге 21 730 мың теңге;

әлеуметтік жағынан осал халыққа және (немесе) аз қамтылған көп балалы отбасылар үшін коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алуға 33 400 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.»;

9 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан келесідей нысаналы трансферттер түскені белгіленсін:

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялауға 584 444 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыруға 81 913 мың теңге;

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша і-шараларды іске асыруға 157 456 мың теңге;

мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердің, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге 8 033 мың теңге.

Нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.»;

10 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«10. 2021 жылға арналған аудандық бюджетіне облыстық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге 38 998 мың теңге;

халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге 8 692 мың теңге;

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді – мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге 407 432 мың теңге;

нәтижелі жұмыспен қамтуға және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға 22 289 мың теңге;

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға 25 315 мың теңге;

санаторлық-курорттық емделуге 20 160 мың теңге;

есту протездеу қызметтеріне 30 мың теңге;

қосалқы компенсаторлық құралдарға 703 мың теңге;

протездік-ортопедиялық құралдарға 2 998 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.»;

11 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«11. 2021 жылға арналған аудандық бюджетіне облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттер түскені ескерілсін:

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялауға 162 782 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыруға 139 715 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.»;

көрсетілген шешімдегі 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алға аудандық
мәслихатының хатшысы**

М. Тулеуов

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Нормативтік құқықтық акті 19.08.2021

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеудің тізіліміне № 24041 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ "Аппарат Алгинского районного маслихата" - Руководитель отдела ГУ «Аппарат Алгинского районного маслихата» Артур Конакбайұлы Конакбаев, 09.08.2021 15:41:08, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ "Аппарат Алгинского районного маслихата" - Секретарь Алгинского районного маслихата Марат Шамшадинович Тулеуов, 09.08.2021 15:41:41, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - Вице-министр Акерке Естайқызы Ахметова, 13.08.2021 17:08:52, положительный результат проверки ЭЦП